**Көсембай негізгі мектебі бойынша**
**2023-2024 оқу жылындағы**
**Мектепішілік бақылау жұмысының қорытынды талдауы**

Қазақстан Республикасының БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес Көсембай негізгі мектебінде мектепішілік бақылау жоспары әзірленді. Мектепішілік бақылаудың мақсаты: педагогикалық процестің жұмыс барысы мен дамуының Қазақстан Республикасының мемелкеттік білім беру стандарттарының талаптарын сәйкестендіру. Әр оқушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім беру мүмкіндіктерін және денсаулық жағдайын ескере отырып, оқушылардың даму динамикасын, педагогтердің білім беру әлеуетін іске асыруды бақылау негізінде оқу процесін жетілдіру.

Аталған мақсатты жүзеге асыруда Сынып жетекшілердің күнтізбелік жоспарларының жүргізілуі, Үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы, мектеп асханасының тамақтануды ұйымдастыру жағдайы, Ата-аналар жиналысының отырыстарының жүргізілуі, Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің берілуі, 1-5-сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері және мектепке, орта буынға бимделуі, Жоғары ысынып оқушыларының психологиялық ахуалы, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметін ұйымдастыру, Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы, Оқушылардың боас уақытын қамту, үйірме секцияларға қатысымы, Оқушыларға құқықтық тәрбие беру және құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жағдайы, жүргізілуі, Әлеуметтік әлсіз топтағы оқушылармен жұмыс, Сынып сағаттарының өтілуі, Білім алушылардың ата-аналарының қатысуымен өтетін жиналыстар мен шараларды өткізу сапасы, «Тәуекел» тобындағы балалармен, аз қамтылған отбасылармен, өгей ата-анамен тұратын оқушылармен жүргізілген жұмыстар, Мектеп психологының суицидтік мінез құлықтың алдын алу, агрессияны жеңу мақсатында атқарған жұмыстары, әлеуметтік педагогтық жұмыс жоспарының орындалуы, Діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған жұмыстардың жай күйі бақыланып, зерделеніп, уақытылы әдістемелік көмектер, кеңестер ұсыныстар берілді.

Мектепішілік бақылау жұмысы нәтижесінде:

-Мектеп құжаттарының жағдайы және жүргізілуі жүйелі іске асырылды.

-Оқушылардың даму динамикасы бақыланды, жартыжылдық және жыл бойы олардың деңгейлері белгіленді.

-Еңбек тәртібі мен мектепішілік тәртіп ережелері сақталды.

-Педагогтердің жауапкершіліктері артып, оқу тәжірибесіне жаңа, озық инновациялық әдістерді жүзеге асырды.

-Ұжымның және оның жеке мүшелерінің жұмысында жоспарланған нәжижелерден ауытқулар уақытылы анықталып, көмек беріліп, «мұғалім», «оқушы», «жетекші мұғалім» сенім және бірлескен атмосферасы құрылды.

-Оқушылардың білім, білік дағдыларын, білім алуда жауапкершілігі мен қызығушылықтары қалыптастырылды.

-Жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу мақсаттары табысты жүзеге асты.

**Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:** **Л.М.Шутенова**